**Бекітемін:**
Бастауыш сыныптар жөніндегі
оқу ісінің орынбасары: С.Мырзагалиева.
Қыркүйек айы -1апта **(2. 09-3.09.2021) шағын ортаңғы тобының күн тәртібіндегі тәрбие қызметінің циклограммасы.**
**Өтпелі тақырыбы: « Балабақша»**
**Апталық тақырыбы: « Менің балабақшам »**
**Мақсаты:** Балаларда әлеуметтік дағдыларда, мектепке дейінгі ұйымға, топқа балаларға ересектерге сүйіспеншілік сезімді қалыптастыруға: бірлескен әрекетке қызығушылығын дамытуға бағытталған

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі 2.09.2021 | Жұма 3.09.2021 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | | Қайырлы таң! Жаңа оқу жылымен құттықтау , Ата-аналармен пікірлесу, қорғаныш құралы-маска тағып келуін талап ету. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балалардың дене температурасын өлшеп, көңіл-күйлерін сұрау. Әрбір ата-анаға денсаулық сауалнамасын толтырту жұмыстарын жүргізу. Балалардың мұрнына оксалин мазды жағу. | | | | |
| **Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық** | | | | | **Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:** «Қарағайлы ормандағы аю» №14 (бақылау, бала үні) | **Қуыршақ театры «Әтеш пен түлкі»** (Коммуникативтілік, бала үні) |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметтері** | | | | | Б/с: Шығармашылық Сурет салу **Тақырыбы: «Сиқырлы таяқшалар».** **Мақсаты:** Балаларды түзу сызықтарды жоғарыдан төмен бағытында жүргізуге үйрету. Шығармашылық қабылеттерін дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу. (Пән жетекшісі) | **Б/с:** Таным **Математика негіздері** **Тақырыбы: «Біреу, көп, бір-бірден, бірде біреуі жоқ»** **С/Мақсаты:** Біреу, көп, бір-бірден, бірде біреуі жоқ ұғымдары туралы түсініктері қалыптасады. Әдіс-тәсілі: Ойын, жұсбақ, топқа бөлу ,Воскобович технологиясы, Ресурстар **:** геоконт шегелі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Б/с: Қатынас<br>Көркем әдебиет<br>**Тақырыбы: «Мен тәртіпті баламын»**<br>**С/Мақсаты:**<br>Тақпақтарды мәнермен асықпай анық айтады, бейнелі сөздерді түсінеді.<br>**Әдіс –тәсілі: ойын, ашық сұрақтар, топқа бөлу,Мнемокесте**<br>**Ресурстар:** балабақша туралы суреттер А3 форматта, қағаздар, фломастер бояулар , доп , мазмұнды суреттер<br>**Сөздік жұмыс:** тәртіпті, сыпайы, тілалғыш<br><br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Тақпақтарды, өлеңдерді мәнерлеп оқиды.<br>Шаттық щеңбері:<br>Арайлансын күніміз,<br>Арайлансын даламыз,<br>Шаттанайық бәріміз!<br>Бізге күлсін күніміз!<br>**Ашық сұрақтар:-**<br>Балалар сендер күнде таңертең қайда келесіңдер? | тақтайша ,Кеспе цифрлар, кәрзеңкедегі муляждар, көкөністер мен жемістер<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бір затты топтан бөледі және топтарға біріктіре алады.<br>Шаттық шеңбері:<br>Кел балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік.<br>Қабақ түйіп не керек,<br>Көңілді боп жүрейік:<br>«Жұмбақтар және олардың шешуі» ойыны.<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады.<br>Тікен-тікен, тік пісте,<br>Қысы-жазы бір түсте.<br>(Шырша)<br><br>Қалпағы бар,<br>Басы жоқ.<br>Шашы жоқ.<br>Сыңар аяқ «көкеңнің»<br>Ойлан, тап, не екенін.<br>(Саңырауқұлақ)<br>балаларға сұрақ қояды.<br>-Суретте ең көп бейнеленген қандай зат?<br>- Бір-бірден салынған заттың аты қандай?<br>- Бір-бірден салынған заттарды бояп шығыңдар. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | -сендерге балабақша несімен ұнайды?<br>-Балалар, біз қандай болуымыз керек?<br>-Әке – шешемізді тыңдаймызба?<br>-Сендер қонаққа барғанда өздеріңді қалай ұстайсыңдар?<br><br>Ақын ағамыз Ермек Өтетілеуұлының «Мен тәртіпті баламын»өлең шумағын оқу<br>«Мен тәртіпті баламын»<br>Моншадан келгенде<br>Суық суды ішпеймін<br>Шалшық суды көргенде<br>Бәтеңкемен кешпеймін<br>Тұрысымен төсектен<br>Сұрамаймын нанды ды<br>Үйге қонақ келгенде<br>Көп мазаламаймын да<br>Мен тілалғыш баламын<br>Тәртіпті де боламын | Тәрбиеші балаларға тақтадағы заттарды көлеміне қарай (үлкен-кіші) салыстыруды ұсынады.<br>Сергіту минуты<br>Оңға қарай иілдік,<br>Солға қарай иілдік,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Бәріміз бір сергідік.<br>3-тапсырма 1 және 2 затты санауға байланысты берілген.<br>екі топтағы заттарды салыстырады.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы:**<br>"Ойыншықтар"<br>Балалардың музықаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету. Ән тыңдау: «Біздің балабақшамыз» Т.Молдағалиев Н.Тілендиев<br>Ән айту: «Бала, бала, балапан»<br>Ж.Смақов<br>И.Нүсіпбаев |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | «Кім жылдам?» ойыны<br>Мақсаты: Ептілікке шапшаңдыққа баулу.<br>Ойын шарты:шашылған гүлдерді жинап, себетке салдыру. **(Бақылау, Бала үні, сыни ойлау)**<br>Қорытындылау:<br>Біз тәртіпті баламыз<br>Айтқан тілді аламыз<br>Анам жұмысқа кеткенде<br>Үйде ойнап қаламыз<br>Қорытындылау мақсатында бірнеше сұрақтар қойып жауаптарын талдаймын. Белсене жауап берген балаларды мадақтаймын.**(Бағалау)** | | |
| **Серуенге дайындық** | | Балалардың киімдерін дұрыс киуін қадағалау. | | | | | |
| **Серуен** | | . | | | Серуен №1<br>Ауа райын бақылау<br>(4К моделі, Бала үні, бақылау) | Серуен №2<br>***Желді бақылау***<br>(Сыни ойлау,бақылау) | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | - Балалар, бүгін не таныдық?<br>- Анамызға не істеуіміз керек?<br>-Ойында қандай көкөністерді білдік?<br>. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Серуен** | | №3 | №4 | №5 | №6 | №7 |
| **Серуеннен оралу** | | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет** | | «Менің отбасым»<br>**Мақсаты:** Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Өздеріне берген рөлдерді дұрыс орындап, тату ойнауға тәрбиелеу. | **«Құрылысшы»**<br>**Мақсаты:** Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру.Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. | Көп-аз ұғымдарын атау. | Ойын «Кімнің заттары?» (Достарының заттарын анықтау) Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б. | Сюжеттік ойыншықтармен ойындар, ертегі оқып беру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | Ата-аналарға кеңес үйде ойын бұрышын ұйымдастыру. | Психолог кеңесі (жеке балаларға) | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес: Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы. | Жобаны таныстыру: Менің балабақшам тақырыбына көрме ұйымдастыру. |

**Бекітемін:**
Бастауыш сыныптар жөніндегі
оқу ісінің орынбасары: С.Мырзағалиева.

Қыркүйек айы -IIапта **(6. 09-10.09.2021) шағын ортаңғы тобының күн тәртібіндегі тәрбие қызметінің циклограммасы.**

**Өтпелі тақырыбы: « Балабақша»**

**Апталық тақырыбы:** «Менің отбасым »

**Мақсаты:** Отбасы, ана, әке, әже, ата, аға, әпкенің рөлі; отбасы мүшелерінің міндеттері туралы; отбасындағы жағымды өзара қарым-қатынасқа тәрбиелеу, өзара көмек, отбасының барлық мүшелеріне сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі 6.09.2021 | Сейсенбі 7.09.2021 | Сәрсенбі 8.09.2021 | Бейсенбі 9.09.2021 | Жұма 10.09.2021 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.** | | Ата-аналармен пікірлесу, қорғаныш құралы-маска тағып келуін талап ету. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балалардың дене температурасын өлшеп, көңіл-күйлерін сұрау. Әрбір ата-анаға денсаулық сауалнамасын толтырту жұмыстарын жүргізу. | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б )** | | **«Менің отбасым»** Суреттер әлеміне саяхат | **Педагог жетекшілімен жүргізілетін құрылымдалған ойын «Өз үйін тап»** С/Мақсаты: үлкен – кіші ұғымдары туралы біледі. | **"Біреу және көп"** С/Мақсаты:заттың санымен (бір-көп) таниды және атау дағдысы қалыптасады. | **Педагог жетекшілімен жүргізілетін құрылымдалған ойын «Өз орнын тап» ойыны** С/Мақсаты: түстерді тануға үйренеді. | **Педагог жетекшілімен жүргізілетін құрылымдалған ойын «Киімін тап»** Мақсаты: логикалық ойлау қабілеті дамиды. |
| **Таңертеңгілік жаттығу** | | **Жаттығулар кешені. (Жан-жақты дамытушы жаттығуы)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | | Балалармен ұйымдастырылатын оқу қызметіне қажетті дамытушы орталықтардың (белсенділік орталықтары) материалдарын, көрнекіліктерін, ойын материалдарын дайындау | | | | |
| **Ұйымдастырыл-ған оқу қызметтері** | | **Шығармашылық Сурет салу Тақырыбы: «Түзу жолда, мен жүремін тура» Мақсаты:** Жолақ | **Құрастыру Т/бы Тақырыбы: «Қуыршаққа үй құрастырамыз» С/Мақсаты:**Есте сақтау қасиеттерін дамыта | **Дене шынықтыру Т/бы:« Ойыншықты әкел» Мақсаты:**Ептілікке,шапшаңдыққа баулу,ойыншықты ажырата білуге машықтандыру | **Мүсіндеу Т/бы:«Әдемі табақ» (мүсіндеудің қарапайым тәсілдері)**ыдыс түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Тәрелкені мүсіндеу алуға және | **Музыка Т\бы:«Бала, бала, балапан»** Музыканы тыңдауға, әннің мағынасын түсінуге қалыптастыру. Созылыңқы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | «жолдарға» бояуды біркелкі жаға білуге дағдыландыру,қағаз бетінде кеңістікті бағдарлай білуге үйрету<br><br>**Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**«Бір орыннан ұзындыққа секіру.»<br>**Мақсаты:**<br>**1.**Бір орыннан ұзындыққа секіруге үйрету.<br>**2.**Балалардың төзімділік, серпімділік қасиеттерін жетілдіру.<br>**3.**Допты жоғары қарай лақтыруға және оны қағып алуға жаттықтыру.<br>**«Қатынас»**<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Т/бы: «Анама көмектесемін»**<br>**С/Мақсаты:** Ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қоры кеңейеді.<br>зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолданады.<br>**Әдіс-тәсілі:**<br>Көрсету,түсіндіру,ойын, сөйлету,сұрақ-жауап.Мнемокесте<br>**Ресурстар :** Суреттер сериясы, тақта, | отырып, құрылыс материалдарын ажырата білуге үйренеді, құрылысшы жұмысына қызығушылығын артып ұсақ қол қимылдарын дамиды.<br>**Әдіс-тәсіл:** Бақылау, түсіндіру, ойын, ашық сұрақтар, жұмбақ .<br>**Ресурстар:** Құрылыс материалдары , қуыршақ, мен суреттер.<br>Кіріспе<br>әңгіме өлең.<br>Аға,іні ағайын,<br>Салды құрып,жақсы үй.<br>Ішінде толған жылы күй,<br>Қандай әсем,жарық үй.<br><br>Өлеңде не туралы айтылған?<br>Үй қандай?<br>Үлгі суретпен жұмыс.<br>Балалар құрылыс заттарын көрсетеді.<br>Сөздік жұмысы.<br>«іргетас,текше,кірпіш,призма» сөздерінің мағынасын аталған құрылыс материалдарының суретін көрсете отырып түсіндіреді.<br><br>Саусақтар серуені.<br>Жұмыс ретінде түсіндіре отырып жасатады:<br>Ең алдымен іргетас қалауы керек; | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: «Таңертең. Біреу-көп»**<br>**С/Мақсаты:** таңертең (таң) – тәулік бөлігімен танысады, , таңертең (таң) – тәулік бөлігін таниды және атау дағдысын қалыптасады.<br><br>**Ресурстар:** Суреттер, үлестірмелі материалдар, карточкалар.<br>**Кіріспе бөлім.**<br>Балалардың ұйқыдан тұрғаны туралы суретті көрсету.<br><br>Таңертең деген келіп тұр.<br>- Қанекей, балақай, ұйқыдан тұр!<br>- Балалар, бұл таңертең мезгілі. Қайталаймыз. Таңертең не болады?<br><br>**Қимыл жаттығуы.**<br>**"Созыламыз, бойымызды жазамыз".**<br>- Балалар, біз таңертең төсектен тұрамыз, созыламыз, бойымызды жазамыз ... | безендіре білуге үйрету.<br>Ермексазды шымшып алу әдісі және домалақ,жұмыр мүсін туралы мағлұмат беру.<br><br>**Жаратылыстану**<br>**Т/бы: «Алтын күз» (табиғаттағы бақылау)**<br>**Мақсаты:**Табиғаттағы, ауа райындағы, өзгерістерді байқай білуге үйрету.<br>Тәрбиешімен бірге табиғат құбылыстарын бақылауға ынталандыру. Қоршаған ортаның әсемдігімен байланысты мейірімділік сезімдерін тәрбиелеу.<br>**Әдіс-тәсілдер:**<br>Бақылау, түсіндіру, баяндау, тақтадан күзгі өзгерістерді көрсету, пысықтау.<br>**Көрнекі-құралдар:**<br>Тақта, қызыл, сары, қызғылт сары, жасыл түсті күзгі жапырақтар, ағаш бұтақтары, суреттер; күзгі жапырақтар.<br>**Ұйымдастыру іс-әрекеті:**<br>Педагог оқу қызметінің басында балалардың назарын өзіне аударып:<br>– Балалар, сары алтындай күз айы да келді. Терезеден далаға көз салыңдаршы, балалар, жерде әртүрлі жапырақтар қар сияқты төгіліп жатыр.<br>– Балалар, бұл жапырақтарды жинамасақ, не болады?<br>– Күз айында қандай өзгерістер | дыбысталуға еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.<br>**Ән тыңдау:**<br>«Біздің балабақшамыз»<br>**Ән айту:**<br>«Бала, бала, балапан»<br>**Әуенді ырғақты қимыл-ойын:**<br>«Жүреміз, жүгіреміз»<br><br>**Орыс тілі**<br>**«Моя семья»**<br>Образовательная: продолжать расширять словарный запас детей,учить называть на русском языке членов семьи,применять обобщающее слово «семья»,учить использовать в речи притяжательные прилагательныхв именительным и родительном падежах.Закрепить умение называть членов семьи на русском языке;<br>Развивающая: развить устойчивость внимания,словеснологическое мышление,воображение,тонкую ручную моторику,формировать навыки связной речи.<br>Совершенствовать произношение гласных звуков:я,у,ы,е,э; |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Күтілетін нәтиже:**<br>қоршаған ортаға қатысты түрлі сұрақтарға жауап береді.<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Үлкен шеңбер құрайық<br>Алақанды ұрайық,<br>Күлімдесін күн де<br>Күлімдейік біз де<br>Алақанды ашайық,<br>Күннің нұрын салайық<br>Таза ауаны салайық<br>Жүрек жылуын салайық<br><br>Балаларға ашық сұрақтар қою<br>Балалар<br>-Бұлар кімдер?<br>-Кімдер бар суретте?<br>-Қыз не істеп жатыр?<br>-Ұл не істеп жатыр?<br><br> | Іргетастың үстінде кірпіштер қаланады;<br>Кірпіштердің үстіне платина,сосын призма төселеді.<br>**Сергіту сәті**.<br>Саусақ ойыны.<br>Кірпіштерін қаладым,<br>Қазықтарын қаладым.<br>Салып алып үлкен үй,<br>Қызығып көп қарадым.<br>Педагог жетекшілігімен жүргізілетін құрылымдалған ойын: «Қандай материал жоқ?». Тәрбиеші үстелдің үстіндегі құрылыс материалдарының біреуін алып қойып,қай материалдың жоқ екенін сұрайды.<br>Бағалау, 4 К моделі<br><br><br>**Дене шынықтыру Т/бы:«Тепе-теңдік» Мақсаты:**<br>1.Тепе теңдік сақтап жүруге үйрету.<br>2.Жылдамдық және ептіліктерін дамыту.<br>3.Түрлі тәсілдермен жүруге үйрету; балалардың зейінін дамыту | **- Созыңдар қолдарды бик-бик ... Жарайсыңдар!**<br>Орындарымызға барып отырайық (жарты шеңберге отырғызу).<br>- Балалар, таңертең біз балабақшаға келеміз. Қайталаймыз. Жарайсыңдар.<br><br>**Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын "Біреу және көп".**<br>Ойынның құрал-жабдықтары: көп және бір зат бейнеленген суреттер.<br>Ойынның мазмұны: балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, екі жаққа қояды.<br><br>**(Бағалау,4К соделі )**<br>- Балалар, бүгін тәуліктің қай мезгілін таныдық?<br>- Тәулік мезгілдерін тануда не істедік?<br>Оқу қызметіміз аяқталды, сау болыңдар. | болатынын білесіңдер ме, балалар?<br>– Олай болса, бәріміз тақтаға зер салайықшы?<br><br><br>– Балалар, сендерге күз туралы тақпақ оқып берейінші:<br>Алтын, сары, қызыл, көк,<br>Алуан-алуан жапырақ.<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап<br>– Балалар, тақпақта не туралы айтылған?<br><br>Педагог балалардың назарын тақтаға аударып:<br>– Ағаш жапырақтарының түсі қандай?<br>– Ол жапырақтар жерде қалай пайда болды?<br>-Балалар, жапырақтар неге сарғаяды?<br>**Сергіту сәті. "Құстар қайтты".**<br>– Балалар, бәріміз орнымыздан тұрып, сергіп алайық.<br>– Күз келді, құстар қайтты<br>Қоштасу әнін айтты<br>– Сап-сары жапырақ та<br>– Алтын күз әнін айтты<br>**Мақтау, оқу қызметін пысықтау.**<br>– Балалар, маған бүгінгі белсенділіктерің өте ұнады. | Воспитательная: воспитывать уважение к старшим и заботливое отношение к членам семьи. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Сөздікпен танысады.(көмектесу,дастарқан, су құямын, үй жинау т.б)<br><br>**Педагог жетекшілігімен жүргшізілетін ойын:** «Көкөніс»<br>Көкөністер бейнеленген суреттерді тақтаға іліп, жасырылған жұмбақтың жауабын тауып суреттерден көрсетеді.<br><br>1.Аласа талда алуан алма<br>Аққызыл болмай ауызыңа салма<br>(қызанақ)<br><br>2.Сопақша көк өңі бар<br>Пайдалы мөлдір сөлі бар. (кияр)<br><br>3.Қалың киімді ұнатады<br>Шешіндірсең жылатады.<br>(жуа)<br>**Бағалау,4К моделі, саралау)**<br>- Балалар, бүгін не таныдық?<br>- Анамызға не істеуіміз керек?<br>-Ойында қандай көкөністерді білдік? | | | Тамаша қатыстыңдар.<br>– Оқу қызметі сендерге ұнады ма? Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар. | |
| **Серуенге дайындық** | | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | | №3 | №4 | №5 | №6 | №7 |
| **Серуеннен оралу** | | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет** | | «Менің отбасым» **Мақсаты:** Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Өздеріне берген рөлдерді дұрыс орындап, тату ойнауға тәрбиелеу. | **«Құрылысшы»** **Мақсаты:** Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру.Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. | Көп-аз ұғымдарын атау. | Ойын «Кімнің заттары?» (Достарының заттарын анықтау) Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б. | Сюжеттік ойыншықтармен ойындар, ертегі оқып беру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | Ата-аналарға кеңес үйде ойын бұрышын ұйымдастыру. | Психолог кеңесі (жеке балаларға) | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес: Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы. | Жобаны таныстыру: Менің балабақшам тақырыбына көрме ұйымдастыру. |

**Бекітемін:**
Бастауыш сыныптар жөніндегі
оқу ісінің орынбасары: С.Мырзағалиева.

Қыркүйек айы -3апта **(13. 09-17.09.2021) шағын ортаңғы тобының күн тәртібіндегі тәрбие қызметінің циклограммасы.**

**Өтпелі тақырыбы: « Балабақша»**

**Апталық тақырыбы: «Табиғат әлемі »**

**Мақсаты:** тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер туралы білімдерін кеңейтуге; жануарлар, жәндіктер мен өсімдіктердің барлық түрлерін сақтаудың қажеттілігі туралы түсініктерін қалыптастыруға; табиғатпен тікелей байланысты тәжірибені игеруге; қоршаған ортаға ұқыпты карауға және тіршілік ету ортасының маңызын түсінуге бағытталған.

| Күн тәртібі | Уақыты | Дүйсенбі 13.09.2021 | Сейсенбі 14.09.2021 | Сәрсенбі 15.09.2021 | Бейсенбі 16.09.2021 | Жұма 17.09.2021 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | | Қайырлы таң! Жаңа оқу жылымен құттықтау , Ата-аналармен пікірлесу, қорғаныш құралы-маска тағып келуін талап ету. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балалардың дене температурасын өлшеп, көңіл-күйлерін сұрау. Әрбір ата-анаға денсаулық сауалнамасын толтырту жұмыстарын жүргізу. Балалардың мұрнына оксалин мазды жағу. | | | | |
| **Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық** | | | | | **Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:** «Қарағайлы ормандағы аю» №14 (бақылау, бала үні) | **Қуыршақ театры «Әтеш пен түлкі»** (Коммуникативтілік, бала үні) |
| **Ұйымдастырылған оқу қызметтері** | | Дене шынықтыру. **Тақырыбы:** 1. **Негізгі қимыл:** «Жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыру». **С/Мақсаты:** Қырымен жіптің үстінен аттап секіреді.Жылдамдық | Дене шынықтыру 2.**Негізгі қимыл:** «.Допты лақтыру және қағып алу.» С/Мақсаты:Допты жоғары лақтырып, екі қолмен допты қағып алады. **Музыка. Тақырыбы:»Жау-** | **Дене шынықтыру .Негізгі қимыл:** «Аяқтың ұшымен жүрейік» **С/Мақсаты:** сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен жүре алады. Қиғаш тақтайдың үстімен жүріп бір бағытта | Б/с: Шығармашылық Сурет салу **Тақырыбы: «Түрлі – түсті таспалар» (заттық сурет салу)** Шаттық шеңбері: Сәлем бердік күнге, Сәлем бердік ортаға, Сәлем бердік өзімізге, Сәлем бердік | **Б/с:** Таным **Математика негіздері Тақырыбы: «Біреу, көп, бір-бірден, бірде біреуі жоқ»** **С/Мақсаты:** Біреу, көп, бір-бірден, бірде біреуі жоқ ұғымдары туралы түсініктері қалыптасады. Әдіс-тәсілі: Ойын, жұмбақ, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | және ептіліктерін дамып,ұзындыққа қапшықты лақтырады.<br><br>**Жаратылыстану.Тақырыбы:Көкөністер мен жемістер.**<br>**Міндеттері:**<br><br>**Білімділік:** жеміс – жидектер мен көкөністер туралы түсініктерін кеңейту.<br><br>**Дамытушылық:** есте сақтау қабылеттерін, сөйлеу мәдениетін дамыту<br><br>**Тәрбиелік:** табиғатқа деген мейірімділікті тәрбиелеу<br><br>**Керекті құралдар:** Жеміс – жидектердің суреті, сарғайған жапырақтар, жемістер мен көкөністердің муляждары<br><br>**Іс – әрекет кезеңдері** | **жау жаңбыр»** .Ой-өрісін,дүниетанымын,есте сақтау музыка дыбыс жоғарлығын,таныс әндерді танып,ажырату қабілетін дамыту.<br><br>3.Мейірімділікке, адамгершілікке ,өнерді бағалай білуге тәрбиелеу.<br><br>Көрнекілігі: Жаңбыр жауып тұрған бейненің суреті.<br><br>Әдіс-тәсілі:Сөздік,практикалық<br><br>Сабақтың түрі:Жаңа сабақ<br><br>Сабақ барысы: І Ұйымдастыру кезеңі<br><br>Балаларды түгендеп,құрал- | еңбектейді.<br>Қатынас. Сөйлеуді дамыту.Тақырыбы:Күн мен түн. Тәрбиеші: Балалар қарандаршы бізге кім келіп тұр? Дұрыс айтасыңдар бізе шуағын шашқан күн келіп тұр. Барлығымыз күнмен бірге амандасайық.<br><br>Балалар: Сәлеметсізбе «Күн Ана»<br><br>Тәрбиеші: Ендеше балалар қарандаршы бізге көптеген қонақтар келіп отыр, қонақтармен амандасайық. (үш тілде амандасу)<br><br>Тәрбиеші: Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br><br>(Балалардың жауаптары)<br>Тәрбиеші: Дұрыс, айтасыңдар балалар. Көктем мезгілінде күн | баршамызға.<br>Сәлемдестік апаймен!<br>- Қалдарыңыз қалай, балақайлар?<br>- Бүгін керемет күн екен!<br><br>**Б/с: Қатынас**<br>Көркем әдебиетТақырбыы:»Күзгі жапырақтар» Шаттық шеңбері:<br>СД - дан шаттық шеңбері қосылады.<br>(Балалар шеңбер бойымен тұрып, қайталайды)<br>Балалар сабақты бастамас бұрын біз жылдың төрт мезгілінің ағаштарың бақылайық<br>Балалар жапырақтар әртүрлі пішінді болады. Балалар жаз мезгілінде жапырақтардың түсі – жасыл болады. Ал күз мезгілінде жапырақтардың түсі – сары, қызыл, қызғылт сары болып келеді. Ал көктем мезгілінде | топқа бөлу ,Воскобович технологиясы,<br>Ресурстар : геоконт шегелі тақтайша ,Кеспе цифрлар, кәрзеңкедегі муляждар, көкөністер мен жемістер<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Бір затты топтан бөледі және топтарға біріктіре алады.<br>Шаттық шеңбері:<br>Кел балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік.<br>Қабақ түйіп не керек,<br>Көңілді боп жүрейік:<br>«Жұмбақтар және олардың шешуі» ойыны.<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады.<br>Тікен-тікен, тік пісте,<br>Қысы-жазы бір түсте.<br>(Шырша)<br><br>Қалпағы бар,<br>Басы жоқ.<br>Шашы жоқ.<br>Сыңар аяқ «көкеңнің»<br>Ойлан, тап, не екенін.<br>(Саңырауқұлақ)<br>балаларға сұрақ қояды.<br>-Суретте ең көп бейнеленген қандай зат? |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Тәрбиешінің әрекеті** Балалардың әрекеті<br><br>**Мотивациялық-**<br><br>**қозғаушылық**<br><br>**Шаттық шеңбері:**<br><br>Үлкенге де сіз,<br><br>Кішіге де сіз,<br><br>Сәлем бердік сіздерге.<br><br>Құрметпенен біз<br><br>Жоғары қарап күн көрдім,<br><br>Төмен қарап жер көрдім<br><br>Оңға солға бұрылып,<br><br>Егеменді ел көрдім.<br><br>**Балалардың әрекеті:**<br><br>Шеңберде тұрып, амандасады. | жабдықтарын алғызып,сабаққа назарын аудару.<br><br>IV Мақсат қою<br><br>-Күзде,көктемде,жаз мезгілдерінде аспанды бұлт торласа не жауады?<br><br>-Жаңбыр<br><br>-Бүгін жау-жау жаңбыр әнін үйренеміз.<br><br>V Жаңа сабақ<br><br>-Жаңбырдың пайдасы қандай?<br><br>-Жазды күні жаңбыр жаумаса не болады?<br><br>Жау-жау жаңбыр К.Дүйсекеев | жылынады.<br><br>Балалар күн бізге тек келген жоқ, ол бізді саяхатқа шақырып тұр, бірақ саяхатқа кетер алдында біз күннің тапсырмасын орындайық!<br><br>Балалар менің қолымдағы не көріп тұрсыңдар?<br><br>(Балалардың жауаптары)<br><br>Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар доп, доптың түсі қандай?<br><br>Ал, балалар қарандаршы мында түрлі түсті доптар бар, ендеше осы доптарды мына ыдыстарға түсі бойынша жинау керек .<br>— Жарайсыңдар, балалар мына тапсырманы дұрыс орындадық. | ағаштан бірінші бүршік жарады сол бүршіктерден жапырақтар шығады. Ал қыс мезгілінде жапырақтар болмайды.<br>Балалар жапырақтардан әр түрлі жұмыстар жасауға болады.<br>(Жел дыбысы қосылады)<br>Осы кезде Жапырақ ханшайымы келеді<br>- Ханшайым амандасады Сәлеметсіңдер ме балалар? Көңіл күйлерің қалай? Мен Жапырақ ханшайымы боламын. Сендердің тақырыптарын жапырақ жайлы болған соң мен сендерге қонаққа келдім және сендерге жұмбақ жасыруға келдім.<br>Жақсы балалар ал енді мен сендерге жұмбақтар жасырам сендер жауабын айтасыңдар жарай ма?<br>1. Ағайынды бәрі: Шықса - көк, Түссе - сары.<br>(жапырақтар) | - Бір-бірден салынған заттың аты қандай?<br>- Бір-бірден салынған заттарды бояп шығыңдар.<br>Тәрбиеші балаларға тақтадағы заттарды көлеміне қарай (үлкен-кіші) салыстыруды ұсынады. Сергіту минуты<br>Оңға қарай иілдік,<br>Солға қарай иілдік,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Бәріміз бір сергідік.<br>3-тапсырма 1 және 2 затты санауға байланысты берілген. екі топтағы заттарды салыстырады.<br>**Музыка**<br>**Тақырыбы: "Жау, жау жаңбыр"**<br>С/Мақсаты: әнді тыңдай отырып, мағынасын түсінеді.<br>Ән тыңдау:<br>«Орман шуы»<br>(К.Қуатбаев)<br>Ән айту:<br>«Жау,жау жаңбыр»<br>Б.Бейсенова<br>Муз – ырғақты қимыл: |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Ұйымдастыру–іздестіру**<br><br>**Әңгімелесу:**<br>- Қазір жылдың қай мезгілі?<br><br>-Оны қайдан білдіңдер?<br><br>-Тағыда жемістер мен көкөністер піседі.<br><br>Саяхатқа баруды ұсынады.<br><br>(пойыз болып, саяхатқа барады.)**Қимылды ойын:** «Пойыз»<br><br>Пыш-пыш,пыш-пыш біз кеттік.<br><br>Жүрісті біз үдеттік,<br><br>Қалып қойма бірінде.<br><br>-Қане тоқтайық пыш-ш-ш, біз міне бау-бақшаға да келіп қалдық. (Музыка әуені ойнайды ) Қане | Алатаудың бауырында<br>Атам,әжем ауылында<br><br>Ақша бұлттар ауа берші<br>Жау-жау жаңбыр жауа берші<br>Қ-сы:<br>Бақыт болып жаушы жаңбыр<br>Менің әсем қалама<br>Бақыт болып жаушы жаңғбыр<br>Менің байтақ далама<br>Менің әсем қалама<br>Менің байтақ далама 2-рет<br>2Алматыдай ақ қалама<br><br>Жасыл желек жас қалама<br><br>Ақша бұлттар ауа берші<br><br>Жау-жау жаңбыр | — Ал, ендеше күнмен бірге саяхатқа шығайық.<br>Балалар қараңдаршы біздің жолымызда көл ағып жатыр, осы көлден өту үшін бізге көпір қажет.<br><br>Тастардан көпір жасау — Балалар мында үлкен және кішкентай тастар жатыр екен, көпірді жасау үшін бізге үлкен тастар қажет. Тастардың арасынан маған үлкен тастарды алып келіңдер. (үлкен тастардан көпір жасау)<br>(Балаларды тастардың үстінен жүргізіп өткізу)<br><br>Балалардың алдынан шырша арасынан мұнайып тұрған көжек шығады.<br><br>Тәрбиеші: Балалар мынау не; Көжек сен | 2. Қыста киімін тастайды,<br>Көктемде киіне бастайды.<br>(ағаш)<br>3. Көктемде тұрады бұтаққа асылып<br>Күзде жерде жатады шашылып,<br>(жапырақ)<br><br>Тәрбиеші: Балалар жарайсыңдар Жапырақ ханшайымының жұмбақтарының жауабын таптыңдар.<br>Ал енді бір сергіп алайық та тапсырма орындайық.<br><br>Сергіту сәті: Видео көрсетілімнен қайталау.<br>Жапырақ ханшайымы біздің балалар жапырақтардан әр түрлі заттар жасай алады.<br>Сіз сол жасайтын заттарын көріп бізге көмектесіп жіберсеңіз;<br>Тапсырма. (Қағаз бетіне салынған бұтаққа жапырақтарды жапсырады) істелген | «Қол шатырмен» .Ой-өрісін,дүниетанымын,есте сақтау музыка дыбыс жоғарлығын,таныс әндерді танып,ажырату қабілетін дамыту.<br><br>3.Мейірімділікке, адамгершілікке ,өнерді бағалай білуге тәрбиелеу.<br><br>Көрнекілігі: Жаңбыр жауып тұрған бейненің суреті.<br><br>Әдіс-тәсілі:Сөздік,практикалық<br><br>Сабақтың түрі:Жаңа сабақ<br><br>Сабақ барысы: І Ұйымдастыру кезеңі<br><br>Балаларды түгендеп,құрал-жабдықтарын алғызып,сабаққа назарын |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | пойыздан түсейік. Қарандаршы, бау-бақша қандай әдемі, Айналаның бары сап-сары, неткен ғажап!<br><br>**Ғажайып сәт:**<br><br>Сол кезде Бағбан ата кездеседі.<br><br>Бағбан ата өзіне көмектесуін сұрайды.<br><br>**Дидактикалық ойын:** «Жемістер мен көкөністерді жинау»<br><br>-Қандай жемістер жинадыңдар?<br><br>-Түсі қандай?<br><br>-Қандай көкөністер жинадыңдар?<br><br>- Жемістердің дәмдері қандай?<br><br>Бағбан ата өлең айтуды ұсынады. | жауа берші<br><br>Қ-сы:<br><br>Әннің сөзін әуенімен жаттатқызу.<br><br>VII Қорыту<br><br>-Балалар қандай ән үйрендік?<br><br>-Бұл өлеңде не туралы айтылған?<br><br>-Екі-үш оқушыдан тақтаға шығарып әнді айтқызу.<br><br>-Хормен айтқызу. | неге мұңайып тұрсың?<br><br>Көжек: Мен адасып кеттім.<br><br>Тәрбиеші: Сен қайда тұрасың көжек ?<br><br>Көжек: Мен әжеммен бірге тұрамын.<br><br>Тәрбиеші: Сен мұңайма көжек, біз саған көмектесеміз. Сені әжеңнің үйіне апарамыз. Қане, балалар көжектің көңіл күйін көтерейікші, оған біз тақпақтарымызды айтып берейік.<br><br>Қоян секең қағады, Сәбізді іздеп табады. Үйшігіне барады, Ауқаттанып алады. Сергіту сәті: Зайке холодно сидеть Надо лапочки погреть Лапки вверх, лапкий вниз До носочков дотянись. | Жұмысты Ханшайымға сыйлап шығарып саламыз. | аудару.<br><br>IV Мақсат қою<br><br>-Күзде,көктемде,жаз мезгілдерінде аспанды бұлт торласа не жауады?<br><br>-Жаңбыр<br><br>-Бүгін жау-жау жаңбыр әнін үйренеміз.<br><br>V Жаңа сабақ<br><br>-Жаңбырдың пайдасы қандай?<br><br>-Жазды күні жаңбыр жаумаса не болады?<br><br>Жау-жау жаңбыр К.Дүйсекеев<br><br>Алатаудың бауырында Атам,әжем ауылында |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Сергіту сәті:**<br><br>Аяқтың ұшымен тұрамыз,<br><br>Алманы жұлып аламыз.<br><br>Үйге қарай жүгіріп,<br><br>Аналарға сыйлаймыз.<br><br>**Жұмбақтар:**<br><br>Қалың киім ұнатады,<br><br>Шешіндірсең жылатады.<br><br>Көктемде ақ гүлге оранады,<br><br>Күзде қолға доп болып оралады.<br><br>Ілініп тұрған шарлар,<br><br>Күн көзімен көгерер.<br><br>**Дидактикалық ойын:** «Танып алда, дәмін ажырат» | | Лапки ставим на бачок<br>Прыг – скок, прыг – скок<br><br>Тәрбиеші: Балалар саяхатымызды ары қарай жалғастырайық. (Әтештің дауысы) Балалар мынау ненің дауысы, дұрыс айтасыңдар Әтештің дауысы.<br>— Әтеш сенің неге көңіл күйің жоқ?<br><br>Әтеш: Балалар мен үйімнен шыға алмай отырмын, түлкі менің құйрымғымды алып кетті.<br><br>Тәрбиеші: Сен мұңайма әтеш, біз саған көмектесеміз. Қараңдаршы балалар, үстел үстінде түрлі түсті көп әтештер бар, бірақ олардың құйрықтары жоқ.<br><br>Қыстырғыштардан | | Ақша бұлттар ауа берші<br><br>Жау-жау жаңбыр жауа берші<br><br>Қ-сы:<br><br>Бақыт болып жаушы жаңбыр<br><br>Менің әсем қалама<br><br>Бақыт болып жаушы жаңғбыр<br><br>Менің байтақ далама<br><br>Менің әсем қалама<br><br>Менің байтақ далама 2-рет<br><br>2Алматыдай ақ қалама<br><br>Жасыл желек жас қалама |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Шарты:** Жемістің дәмін татып, ажырату керек.<br><br>Жемістер мен көкөністердің суреттерін құрастыру.<br><br>-Бағбан ата сендердің өнерлеріңді тамашалап,бізге мына себеттегі жемістерін сыйға тартты . Енді біздің балабақшамызға қайта оралу үшін қайтадан пойыз болайық.<br><br>**Балалардың жауабы:**<br><br>-Күз.<br><br>-Жапырақтар сарғаяды.<br><br>-Күн суытады<br><br>Пойыз болып жүреді<br><br>Тоқтайды. | | әтештерге түстері бойынша құйрықтар жасап берейік.<br><br>Қыстырғыштармен әтештермен құйрық жасау.<br><br>Тәрбиеші: Ал, енді балалар біздің әтештеріміздің қарны аш екен, әтештерді жемдеу керек. Әтештер бұршақтарды жақсы көреді, бірақ мына ыдыстарда бұршақ пен күріштер араласып кеткен, осының ішінен бұршақтарды бөлекыдыстарға салайық. \бұршақ пен күрішті ажырату\<br><br>— Өте жақсы балалар. Тапсырманы өте жақсы орындадыңдар. — Қараңдаршы балалар біз аженің үйіне қалай келіп қалғанымызды білмей | | Ақша бұлттар ауа берші<br><br>Жау-жау жаңбыр жауа берші<br><br>Қ-сы:<br><br>Әннің сөзін әуенімен жаттатқызу.<br><br>VII Қорыту<br><br>-Балалар қандай ән үйрендік?<br><br>-Бұл өлеңде не туралы айтылған?<br><br>-Екі-үш оқушыдан тақтаға шығарып әнді айтқызу.<br><br>-Хормен айтқызу. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Қызығушылықпен қарайды.<br><br>Амандасады.<br><br>Қуана көмектеседі.<br><br>Ойынды ойнайды<br><br>Жинаған жемістері мен көкөністерін атап, пішіні мен түсін атап береді<br><br>Алтын, сары, қызыл,көк,<br><br>Алуан, алуан жапырақ,<br><br>Күзгі бақта күлімдеп,<br><br>Көз тартады атырап.<br><br>Жекелеме хормен қайталайды.<br><br>Қимылмен жасайды.<br><br>-Пияз<br><br>-Алма | | қалдық. Көжек мынау сенің әжеңнің үйі ғой, біз саған сенің әжеңнің үйін тауып бердік.<br><br>Әже: Сәлеметсыңдар ма, балалар! Рахмет сендерге көжегімді тауып бергендеріңе. Сендерге кім көмектесті менің үйіме жолды табуға?<br><br>Тәрбиеші: Әже, біз сізге айтпаймыз бізге кім көмектескенін, біз сізге сурет арқылы көрсетеміз.<br><br>Қане балалар әжеге суретарқылы бізге кім көмектескенін көрсетейік.<br><br>Құм терапеясы: күннің суретін салу<br><br>Әже: Балалар сендерге күн көмектескен екен ғой, | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Дәмдерін татып, ажыратады.<br><br>Қуанады. Қоштасады.<br><br>Рефлексивті–түзетушілік<br><br>**Сұрақ-жауап әдісі арқылы қорытындылау**.<br><br>-Біз саяхатқа қайда бардық?<br><br>-Бақта нелер өседі?<br><br>Бағбан атаның сыйлығын балаларға таратып беру.<br><br>Жүректен жүрекке:<br><br>Күндей жылы бол!<br><br>Алмадай тәтті бол!<br><br>Доптай көңілді бол!<br><br>Айдай жарық бол!<br><br>Жүзік сияқты әдемі | | Рахмет саған Күн!<br><br>Тәрбиеші: Ия , әже бізге күн көмектесті!<br><br>Әже: Рахмет, сендерге балалар! Менің сендерге дайындап қойған сыйлығым бар. (Балаларға бауырсақ тарату)<br><br>Тәрбиеші: Рахмет, әже. Сау болыңыз.<br><br>— Балалар біз кіммен бірге саяхатқа шықтық?<br>— Күннің қандай тапсырмаларын орындадық?<br>— Сендерге саяхат ұнады ма? (Балалардың жауаптары)<br>Өте жақсы балалар, бүгінгі оқу қызметіне өте жақсы қатыстыңдар. Осымен оқу қызметіміз аяқталды, сау болыңыз. | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бол!Сұрақтарға толығымен жауап береді.<br><br>Тәрбиешімент бірге қайталайды.**Күтілетін нәтиже:**<br><br>**Білу керек:** Жеміс түрлерін , пішіндерін атауды<br><br>**Болу керек**: Жемістердің қайда өсетінні жайлы түсінік<br><br>**Істей білу керек**: Сұрақтарға дұрыс жауап беруді. **Әлеумет. Қоршаған ортамен танысу.Тақырыбы:» күзгі бақ»** Ұйымдастыру және психологиялық сәт Тәрбиеші: Қараңдаршы балалар, айналамыз қандай тамаша! Осы бөлмеге шуағын төгіп, нұр беріп тұрған күнге қарайықшы. Сол күннен жылу алып, | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | алған жылуымызды бір-бірімізге береміз. Балалар: Әрқашан әдемі болайық! Еліміз тыныш болсын! Аспанымыз ашық болсын! Деніміз сау болсын! Достарымыз көп болсын. Тәрбиеші: Отанның болашағы сіздер аман болыңыздар. Тәрбиеші Ш.Ахметовтың «Бұл қай кезде болады?!» өлеңін оқиды. Балалар: Күзде! Тәрбиеші: Күз айларын атаймыз! Балалар: қыркүйек, қазан, қараша Тәрбиеші: Балалар күздің қандай ерекшеліктері болады? Балалар: Күзде күн салқын болады. Ағаштың жапырақтары сарғайып жерге түседі. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Тәрбиеші: Күзді неліктен «Жомарт | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Күз»- деп атаймыз? Балалар: Себебі күзде көкөністер мен жемістер піседі, егін жинау болады. Тәрбиеші: Балалар біздер күздің осы ерекшеліктерін көзімізбен көру үшін табиғатқа саяхат жасаймыз. Орман алыс, сондықтан автобуспен барамыз. Автобус билеттерін аламыз Қызыл төртбұрыш, көк үшбұрыш. Орманға дейін «Туған жерді сүйемін» әнін айтамыз. Тәрбиеші: Міне орманға да келдік. Қараңдаршы балалар қандай керемет, сап-сары алтындай. Жоғарыда құстар ұшып барады. Төменде кірпі жүгіріп жүр. Кірпі үстіне қанша алма қадаған, қане санаймыз! Балалар: 1 – 2 – 3 – 4 – 5 Тәрбиеші: Балалар мен жұмбақ | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Мадақтау символы «Алтын жапырақ» естелікке беріледі. Оқу іс-әрекеті Қ.Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңін жаттаумен аяқталады. Алтын, сары, қызыл, көк Алуан-алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп Көз тартады атырап. Қорытынды. Дайындаған: Дерек көзі: https://erketai.kz/ustazdar-enbegi/kuzgi-bakka-sayakhat-balabakshada/ | | | | |
| **Серуенге дайындық** | | Балалардың киімдерін дұрыс киуін қадағалау. | | | | |
| **Серуен** | | Балалардың бақылаудағдыларын қалыптастыру; ішкі сипат бойынша жел соғуын анықтау; | Серуенде нені бақыладық, балалардың табиғатты танып білуге деген қызығушылығын ояту. | Табиғаттағы күзгі өзгерістерді бақылау жұмысын жалғастыру. Бұлттар сұр түсті болатынына назар аудару. | Серуен №1 Ауа райын бақылау (4К моделі, Бала үні, бақылау) | Серуен №2 **Желді бақылау** (Сыни ойлау,бақылау) |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау. Беті-қолдарын сабындап жуу, әрқайсылары сүлгілерін өз ұяшықтарына іліп қою қажеттігін қадағалау. | | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет. Жеке баламен жұмыс** | | **Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:** «Сұр қоян жуынады» | . **«Суретті біл» №13** ***Мақсаты:*** Балалардың тіл байлығын жетілдіру,елестету қабілетін дамыту. | ***«Жоғарыда-төменде» №16 Мақсаты:*** «Жоғарыда-төменде, биік-аласа» ұғымдарын түсінуге, байқағыштықты, зейінді, қиялды дамытады. | Көп-аз ұғымдарын атау. (4К моделі) | Санай білеміз бе? Санау, санамақтар айту. (4К моделі, саралау | |
| | | | | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | Баланың бүгінгі жетістігі туралы ата-анасымен әңгімелесу.<br><br>**Тұтас бала бейнесі** | Ойын жаттығулары: «Қимылды қайтала» «шар жарылды»<br>**Тұтас бала бейнесі** | *Құрылымдалған ойын: . «Түрлі-түсті жолақтар»* | Баланың бүгінгі жеткен жетістігі туралы әңгімелесу.<br>**Тұтас бала бейнесі** | Ойын жаттығулары: «Қимылды қайтала» «шар жарылды»<br>**Тұтас бала бейнесі** | |